Бекітемін:
Мектеп директоры м.а А.Б. Исбусинова

# «Ақсу негізгі орта мектебі» КММ
# Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының
# І жарты жылдық бойынша
# ЕСЕБІ

2024-2025 оқу жылы

**Тақырыбы:**

**Жасөспірімдердегі ұйқы: Оқуға және мінез-құлыққа әсері**

1. **Мақсаты:** Ұйқының бұзылуы: дәрігерге кеңес беру үшін негіз.
2. Ұйқының бұзылуының жасөспірімдердің көңіл- күйіне, мінез-құлқына, оқу қабілетіне әсері.

Дұрыс ұйқы: ұйымдастыру әдістері, жағымды әдеттерді дарыту

**Объектісі:** жоспарланған
**Субъектісі:** анықтама
**Жауаптылар:** ТЖО, сынып жетекшілер
**Орындау мерзімі:** **Қыркүйек**

**Негіздемесі:**

2024-2025 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде «Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы бойынша жиналыс болып өтті. Сынып жетекшілерге аталаған тақырып бойынша ата аналармен жұмыс жүргізілді. Жасөспірімдердің дұрыс және сапалы ұйықтауын қамтамасыз ету үшін тиімді әдеттер мен әдістерді дамытуға арналған кеңестер айтылып, ұйқы гигиенасын сақтау, күн тәртібін реттеу, ұйқыға дайындалу рәсімдері мен технологиялық құралдарды пайдалануды шектеу туралы ұсыныстар берілді. Ата-аналарға арналған бұл бағдарлама жасөспірімдердегі ұйқының маңыздылығын түсіндіру және оны жақсарту жолдарын көрсету мақсатында ұйымдастырылды. Бағдарлама барысында ата-аналарға ұйқының физиологиясы мен бұзылу салдары туралы ақпарат беріліп, балалардың денсаулығы мен оқу үлгеріміне әсер ететін негізгі факторлар талқыланды. Ұйқы гигиенасын сақтауға бағытталған практикалық кеңестер мен әдістемелер ұсынылды.





**Тақырыбы:**

**Дұрыс тамақтану әдет-ғұрпын құру**

**Мақсаты:** балалардың салауатты өмір салтының құрамдас бөлігі ретінде ата-аналардың тамақтану мәдениетін қалыптастыру

**Міндеттері:**
**Объектісі:** жоспарланған
**Субъектісі:** анықтама
**Жауаптылар:** ТЖО, сынып жетекшілер
**Орындау мерзімі:** **Қазан**
**Негіздемесі:**

2024-2025 оқу жылы бойынша «Біртқтас тәрбие бағдарламасы» негізінде «Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы бойынша жиналыс болып өтті. Сынып жетекшілерге аталаған тақырып бойынша ата аналармен жұмыс жүргізілді. Ата-аналарды баланың физикалық және психологиялық денсаулығы үшін сапалы тамақтану туралы ақпараттандыру және дұрыс ұйқы әдеттерін қалыптастыруға бағытталған ұсыныстар берілді.





**Тақырыбы: Зейін – алғырлықтың алғышарты**

**Мақсаты:** Бала тұлғасының тәрбиесінде ата-аналарға қолдау көрсетіп, педагогикалық және психологиялық кеңестер беру

**Міндеттері:**

1. Ата-аналардың өзіндік ашылуына жағдай жасау, балалардың зейінінің даму проблемасының маңыздылығын түсіндіру;
2. Ата-аналарға зейінді дамыту дағдыларын меңгеруге көмектесу;
3. Ата-аналарға зейінді дамыту әдістері мен тәсілдеріне қолданылатын практикалық бағыттағы жұмыстар мен құралдарды қолдану;

**Объектісі:** жоспарланған

**Субъектісі:** анықтама

**Жауаптылар:** ТЖО, сынып жетекшілер

**Орындау мерзімі:** **Қараша**

**Негіздемесі:**

2024-2025 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде «Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы бойынша жиналыс болып өтті. Сынып жетекшілерге аталаған тақырып бойынша ата аналармен жұмыс жүргізілді. Кездесу барысында қатысушыларға зейіннің түрлері мен ерекшеліктері туралы ақпарат берілді. Балаларда зейіннің төмендеуі қандай себептермен байланысты болатыны және оны қалай дамытуға болатыны түсіндірілді.
Ата-аналарға арнайы дайындалған практикалық тапсырмалар орындатылып, зейінді дамытудың ойын түрлері мен жаттығулары көрсетілді (мысалы, есте сақтау мен назарды дамытуға арналған ойындар). Сонымен қатар, ата-аналар өз тәжірибелерімен бөлісіп, пікір алмасты.

**Нәтижесі:**

Іс-шара барысында ата-аналар белсенділік танытып, бала тәрбиесіндегі зейіннің маңыздылығын жақсы түсінді. Қатысушылар үй жағдайында қолдануға болатын нақты әдіс-тәсілдермен танысып, пайдалы ақпарат алды. Іс-шара өз мақсатына жетті.

**Қорытынды:**

Ата-аналармен осындай кездесулер олардың педагогикалық сауаттылығын арттыруға, бала тәрбиесіндегі ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді. Болашақта да жүйелі түрде өткізілуі ұсынылады.





**Тақырыбы:**

**Логикалық ойлауды үйрету**

**Мақсаты:** ата-аналардың бастауыш мектеп жасындағы баланың логикалық ойлауын дамытуға дайындығын қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. ата-аналардың баланың логикалық ойлауын дамытуға деген ұмтылысын дамыту;

ата-аналарды баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі аспектілерімен таныстыру;

3. ата-аналардың баланың логикалық ойлауын дамытудың практикалық дағдыларын дамытуға ықпал ету.

**Объектісі:** жоспарланған

**Субъектісі:** анықтама

**Жауаптылар:** ТЖО, сынып жетекшілер

**Орындау мерзімі: желтоқсан**

Кездесу интерактивті форматта өтті. Ата-аналар логикалық ойлау туралы қысқаша теориялық ақпарат алды. Кейін түрлі қызықты жаттығулар мен логикалық ойындар ұсынылып, ата-аналар өздері белсенді түрде қатысып, тапсырмаларды орындады. Мысалы, «Себебін тап», «Артықты тап», «Логикалық тізбек» сияқты ойындар арқылы логикалық байланыс орнату жолдары көрсетілді. Сонымен қатар, баламен үй жағдайында қалай логикалық әңгіме жүргізуге болатыны жайлы нақты мысалдар берілді.

**Нәтиже:**
Ата-аналар логикалық ойлаудың бала дамуына тікелей әсер ететінін түсінді. Кездесуде ұсынылған ойындар мен әдістерге қызығушылық танытып, болашақта оларды қолдануға ниет білдірді. Қатысушылар белсенділік танытып, өзара тәжірибе алмасты.

**Қорытынды:**
Іс-шара ата-аналардың педагогикалық білімін толықтырып, олардың бала тәрбиесіне саналы түрде қарауына ықпал етті. Мұндай кездесулерді тұрақты түрде өткізу тиімді болмақ.





ДТІЖО: Р.Н. Айтекенова